

мужчин, а так же была выше у пожилых людей и у учителей дошкольного и начального образования. Как и ожидалось, люди с нестабильностью работы – это те, у кого больше всего психологических симптомов. Эти результаты указывают на важность защиты психического здоровья учителей для обеспечения как благополучия учащихся, так и высокого качества преподавания. Поэтому следует оказывать особую психологическую помощь тем учителям, которые наиболее уязвимы к стрессу, чтобы они могли лучше справиться с этим кризисом и, следовательно, лучше выполнять свою педагогическую роль. Суммируя, мы должны помнить, что образование, полученные знания молодыми людьми в нынешнее кризисное время, сформирует общество будущего. Следовательно, если мы хотим, чтобы это образование соответствовало высоким стандартам, мы должны защищать психологическое благополучие людей, которые его обеспечивают.

Список литературы

1. **Дистанционное обучение: сущность, технология, организация.** – М.: Издательство МЭСИ, Андреев А. А., Солдаткин В. И. 2010.
2. **Al Lily A. E., Ismail A. F., Abunasser F. M., Alhajhoj R. H.** (2020). Distance education as a response to pandemics: Coronavirus and Arab culture. *Technol. Soc.* 63:101317. 10.1016/j.techsoc.2020.101317 [PMC free article] [PubMed] [CrossRef] [Google Scholar]
3. **Liu N., Zhang F., Wei C., Jia Y., Shang Z., Sun L., et al.** (2020). Prevalence and predictors of PTSS during COVID-19 outbreak in China hardest-hit areas: Gender differences matter. *Psychiatry Res.* 287:112921 10.1016/j.psychres.2020.112921 [PMC freearticle] [Pub Med] [Cross Ref]
4. **Zhou X., Yao B.** (2020). Social support and acute stress symptoms (ASSs) during the COVID-19 outbreak: deciphering the roles of psychological needs and sense of control. *Eur. J. Psychotraumatol.* 11:1779494. 10.1080/20008198.2020.1779494 [PMC free article] [PubMed] [Cross Ref] [Google Scholar]
5. **Prado-Gascó V., Gómez-Domínguez M. T., Soto-Rubio A., Díaz-Rodríguez L., Navarro-Mateu D.** (2020). Stay at Home and Teach: A Comparative Study of Psychosocial Risks Between Spain and Mexico During the Pandemic. *Front. Psychol.* 11:566900. 10.3389/fpsyg.2020.566900 [PMC free article] [PubMed] [CrossRef] [Google Scholar]
6. **Cuervo T. C., Orviz N. M., Arce S. G., Fernández I. S.** (2018). Technostress in Communication and Technology Society: Scoping Literature Review from the Web of Science. *Archivos Prevencion Riesgos Laborales* 2018 18–25. 10.12961/apr.2018.21.1.04 [Pub Med] [CrossRef] [Go ogle Scholar]
7. <https://www.apa.org/monitor/2012/02/teachers>

ӘОЖ 821.512.122

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Шайдилдаева А. О. – ағылшын тілі пәні мұғалімі, Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың салауатты білімді болуына бар еңбегін жұмсаған, аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, әрі ақын, әрі жазушы, әрі аудармашы. Бір сөзбен айтқана өз заманының ақыл ойшылы, қоғам қайраткері. Бар санаулы ғұмырын қалған жаңа заманның өркениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған, қара қазақтан шыққан бірінші адам. Ол балалар әдебиетінің – атасы. Сонымен қатар, таза қазақ тілінде қолжазба газетінде бір номерін дайындаған. Тұңғыш оқулық шығарған адам да осы – Ыбырай Алтынсарин.

Түйінді сөздер: білім, ана тілі, Торғай, көрнекті-ағартушы.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың салауатты білімді болуына бар еңбегін жұмсаған, аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, әрі ақын, әрі жазушы, әрі аудармашы. Бір сөзбен айтқана өз заманының ақыл ойшылы, қоғам қайраткері. Бар санаулы ғұмырын қалған жаңа заманның өркениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған, қара қазақтан шыққан бірінші адам. Шын есімі – Ибраһим. 1841 жылы Қостанай облысының Қостанай ауданының Қарқарағай ауылында дүниеге келген. Ыбырай білім ордасын өте жақсы аяқтап хатшылық қызметін атқарды, өздігінен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай өз халқына пайдалырақ басқа қызмет істеуді мақсат етеді. Осылайша ынтасы ағартушылыққа бет бұрды.

Ұлт мектебінің іргесін қалаған баба балаларға сабақты қызықты, әрі түсінікті етіп берді. Молдадан сабақ алған балалар бір жылда өздері хат таныса, Ыбырайдың оқушылары небәрі үш айда хат танитын. Оқу-тәрбие жұмысын мүлдем тың бағытта ұйымдастырды.

1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт аймағында Торғай, Ырғыз, Троицкіде және жаңа мектеп ашады. Экономика, ауыл шаруашылығына, қолөнер салаларын қажеттімаман даяр-

лайтын училищелер ашуға көп күш жұмсады. Тіптен ауыл шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Ыбырай қазақ қыздарына білім беруге ерекше көңіл бөлді. Білім беру 1880 жылдары басталды. Ал Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп интернат ашқызуының тарихи маңызы тіпті ерекше.

Ыбырай өмірінің екінші бір қыры жазушылық, қаламгерлік. Ол балалар әдебиетінің – атасы. Сонымен қатар, таза қазақ тілінде қолжазба газетінде бір номерін дайындаған. Тұңғыш оқулық шығарған адам да осы – Ыбырай Алтынсарин.

Ұлы ағартушы орыс зиялылар арасында да беделді, сыйлы болған. Толстойдың әңгімелерін аударды, белгілі шығыстанушы ғалыммен тығыз қарым-қатынаста болған. Ыбырай өзі таңдаған жолдан сан алуан қиындықтар мен кедергілерді жеңе отырып, үлкен жетістікке қол жеткізді. Осылайша туған жерінің, халқының мақтан тұтар ардақтысына айналды.

Кел, балалар, оқылық.

Оқысаңыз, балалар.

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар...осы өлең жолдарында адамды мектепке тартатын бір жылулықты байқаймыз. Расында, қазақ балаларын білім алуға шақырғанын айқын көруге болады. Яғни білімді болған адамның өмірі, болашағы жарқын болатынын ашып түсіндіріп көрсеткен.

Ыбырай Алтынсарин балаларды білімге шақырып қана қоймай, ұстаздық жолында қызмет атқарған. Ол өзінің ұстаздық қызметін бүкіл ынта, жігерімен жасаған. Ыбырай Алтынсаринды қазақ балалар әдебиетінің атасы деп атаған. Ол қазақ балаларын үшін өлең, тәрбиелік мәні бар әңгімелер жазумен бірге орыс әдебиетіндегі бірқатар ақын, жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде аударып, балаларға ұсынды.

Ыбырай Алтынсаринның өлеңдері оқушылардың оқуына, жаттауына жеңіл, білімдік және тәрбиелік жағынан маңызды шығармалар болып табылады. Ыбырай Алтынсаринның сондай-ақ тәрбиелік мәні бар мысал, әңгімелеріде баршылық. Мәселен, «Таза бұлақ», «Бақша ағаштары» т.б. Оның «Бақша ағаштары» әңгімесінде бағып-қағуда көп мағына бар екенін айтқан. «Шырағым, мұнан сен де өзіңе ғибрат алғайсың. Сен де жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы істерүйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай өсерсің» деп балаларға тәрбиелік мәні бар құнды еңбектер жазып қалдырған.

Балаларға ана тілін оқытуда ол Толстой, Ушинский, Коменский, Ильинский және т.б. ағартушылардың еңбектерін басшылыққа алды. «Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық, әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің» деп Ыбырай Алтынсарин ел билеушілерге, орыс әкімдеріне қатты реніш білдірді.

Қазақтың ағартушы ұстазы Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына оқу-білім бере отырып, елдік, отаншылдық қасиеттерді дарытып, тек қана заман ағымына сай білімді, патриот азаматтарды тәрбиелеудің маңызына көңіл бөлді. Мысалы,

Оқу-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды,

Айшылық алыс жерлерден

Көзді ашып жұмғанша

Жылдам хабар алғызды – деп қаншама ғасыр бұрын Ыбырай Алтынсарин қазіргі техниканың дамыған заманды, болашақ білім мен ғылымның дамуын болжағандай іспеттес. Дамыған ел қатарына жетудің оқу-білім, отаншылдық, тәрбие арқылы жүзеге асатынын айқын көрсеткен болатын.

Ыбырай Алтынсарин жан-жақты білімді, ағарту ісіне күш-жігерін жұмсаған адал да, қарапайым адам болған. Ол қазақ халқының келешегін тек өнер мен білімде деп түсіндірді. Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы 48 жасында қайтыс болды. Не бәрі 48 жас ғұмыр, қаншама атқарылған іс, не деген нәтиже.

Алтынсарин үшін қазақтардың орыс тілін үйрену қажеттігі түсінікті еді. Өзінің қазақ тәрбиеленушілері үшін, тілдік орта құру үшін ол оқытудың бастапқы кезеңінен кейін оларды орыс оқушыларымен біріктіруді қажет деп санады.

Оқу құралдарымен қамтамасыз етілмеуі де үлкен мәселе болды. Ана тілімізде балалар әдебиеті іс жүзінде болған жоқ. Алтынсарин мектептер үшін оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік қағидаттарын әзірледі, оқу құралдарын жасады. Оның «Қазақ хрестоматиясы» (1879 ж.) балалар мен халық оқуына арналған қазақ тіліндегі алғашқы кітап болды.

«Хрестоматия» орыс әріптерімен басылды. Автордың өзі кітаптың алғы сөзінде жазғандай, кітап көп ғалымдарға және жалпы орыс кітаптарына тікелей нұсқаулық ретінде қызмет етті. Қазақ әліпбиін кириллица графикасы негізінде әзірлеу де маңызды болды. Себебі Алтынсариннің пікірінше, ол қазақ тілінің ерекшеліктеріне сол кезде қабылданған араб графикасын қолданған татар әліпбиіне қарағанда әлдеқайда жақсы, ыңғайлы болған. Дегенмен Ыбырай барлық қазақ жазуын кириллицаға көшіру – ұзақ уақыт алатын іс екенін түсінді.

Алғашқы ұстаз өзінің қысқа ғұмырында, әсіресе қазіргі стандарттар бойынша, таңқаларлық көп нәрсе жасай алды. Педагог және ұйымдастырушы Ы.Алтынсариннің еңбегінің қысқаша тізбектеп өтсек:

- ✓ Түрлі салаларда оқу орындарының ашылуы;
- ✓ 4 екі сыныптық Орталық орыс-қазақ училищелері;
- ✓ Қолөнер училищесі;
- ✓ Қыздар училищесі;
- ✓ 5 болыстық мектеп;
- ✓ орыс ауылдарының балаларына арналған 2 мектеп;
- ✓ сондай-ақ гимназияларда, университеттерде және т.б. білім алушылар үшін стипендиялар жүйесін құру;

Бүгінде Қазақстан халқы Ыбырай Алтынсариннің қосқан зор үлесін, көрнекті ағартушы екенін ұмытпайды. Оның құрметіне аудандар, даңғылдар, білім беру және ағарту мекемелері, жоғары оқу орындары мен академиялық мекемелер аталған, мысалы, Қазақстанның жетекші педагогикалық орталықтарының бірі – ұлттық білім академиясы.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына білім нәрін сеуіп, қараңғылықта шам болып жанған ағартушының есімін, қысқа ғана ғұмырында өз халқының болашағына білім сыйлағанын, әділдіктің жақтаушысы болғанын ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ибрагим Алтынсарин** «Собрание сочинений» / Алматы, 1975, 360 б.
2. **Жұмағұлов Қ.Т.** «Ыбырай Алтынсарин» / Ташкент: әдебиет және Өнер баспасы. Гафура Гуляма, 1975, 160 б.
3. **Ибрагим Алтынсарин** «Собрание сочинений» / Алматы, 1978, 352 б.
4. «**Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің мұрасы бүгінгі күні де өзекті** – ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Г.Қасымжановтың».

УДК 37.013

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ-СИРОТАМИ

Шалгимбекова К.С. – кандидат педагогических наук, гл. специалист ДНиПО КРУ им. А. Байтурсынова.

В данной статье раскрываются особые требования, предъявляемые к педагогам, работающим с детьми-сиротами. Также пойдет речь о методах и мероприятиях по профилактике профессиональной деформации воспитателей в условиях детского дома. Показана эффективность рационального планирования воспитательного процесса и значимости правильного и целевого кадрового подбора.

Ключевые слова: дети-сироты, детский дом, педагог-воспитатель, педагогическое взаимодействие, профессиональная деформация.

Личность педагога, профессиональные требования к нему давно являются предметом специального научного изучения, поскольку именно от него зависит успешная адаптация ребенка в социуме, причем речь идет не об обычных детях, а детях-сиротах. Еще Я. А. Коменский указывал на следующие главные требования к педагогу: владение педагогическим мастерством, любовь к своему делу, умение самостоятельно мыслить, воспитание деятельных людей, заботящихся о всеобщем благе, и т.д. Многие ученые, педагоги, психологи, писатели неоднократно в своих исследованиях, научных трудах не только отмечали достоинства педагога-учителя, педагога-воспитателя, но и высказывали требования к его личности (К.Д.Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский). Целый ряд современных исследований (З.И.Васильева, С.Г. Вершловский, И.А. Зязун, И.А. Колесникова, Н.В. Кузьмина, В.А. Слостенин и др.) посвящен проблемам профессиональной пригодности педагога, требованиям к его личностному и профессиональному облику, вопросам психологической подготовки к педагогической деятельности.

Существуют определенные условия по организации воспитательного процесса детей-сирот в условиях детского дома, которые выставляют специфические требования к педагогам: обязательное владение необходимыми знаниями и навыками работы с детьми. Необходимо отметить существующие факторы, которые отражаются на процессе воспитания в детском доме: неблагоприятная наследственность детей-сирот; негативное влияние социума (семьи, улицы); педагогическое взаимо-